

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 567 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 12-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

<p>2 Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларына</p>	<p>Күту және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарға аттануға ұдайы әзірлік режимінде болғаны үшін үстемеақы</p>	<p>Күту және ұдайы әзірлік режиміндегі кезекшіліктің әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемеден 25 %</p>	<p>"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының күту және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарға шығуға ұдайы әзірлікте болу режимінде үйде кезекшілік ету уақыты кезекшіліктің әрбір сағатына сағаттың төрттен бірі мөлшерінде есептеледі. Көрсетілген үстемеақыны төлеу тәртібі мен талаптарын азаматтық қорғау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.</p>
---	--	---	---

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев